

Б. Ғ. Нұрмағамбетов, жалпы білім беретін пәндер кафедрасының доценті, саяси ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі (Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ЖАСТАРДЫҢ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ҚОҒАМДАҒЫ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ НЫҒАЙТУДЫҢ ФАКТОРЫ

Толеранттылық — өзімізді нығайтып, сақтайтын және бүкіл ұрпақты тәрбиелейтін біздің қоғамымыздың парасаттылық қалыбы деді Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев 2013 жылдың 24—сәуірінде «Қазақстан-2050» Стратегиясы: бір халық — бір ел — бір тағдыр» атты тақырыппен өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясында сөйлеген сөзінде¹.

Біздің Ұлы Дала мыңдаған жылдар бойы толерантты, яғни тағатты болды. Сонымен бірге мен толеранттылықтың, кейбіреулер ойлайтындай, ойыңа келгенді істеу емес екенін де атап көрсеткім келеді.

Толеранттылық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты бойына сіңірген қазақ азаматтары үшін жат емес. Қазақ сонау заманнан бастап, жер аударылып немесе әртүрлі жағдайлармен келген өзге ұлт өкілдеріне төрінен орын беріп, құрметтеп, келімсек демей, қас емес, дос қылған халық. Толеранттылық біздің қанымызда бар. Қазірде Қазақстанда тұрып жатқан 130 дан аса ұлттар мен ұлыстардың бейбіт өмір сүріп отырғаны осының айғағы емеспе. Қазақстан көп ұлтты, көп дінді мемлекет. Қазірде мекендейтін ұлттар бейбіт және тең өмір сүруде. Бұл әрине қуантарлық жағдай. Бұл мемлекеттік және ұлттық саясат. Бұл Қазақстан Республикасы Президентінің жүргізіп отырған салиқалы саясаты. 1995 жылдың 1-наурызында Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылды. Олар елдегі барлық этностардың мақсат-мүдделерін қорғайды, олардың дамуын жалпы саяси, мәдени және әлеуметтік мәселелерді шешу арқылы реттейді. Мұндай халықтар ассамблеясы көп ұлтты Ресейде де жоқ.

Біз жаһандану үрдісінде өмір сүріп жатырмыз. Аумалы-төкпелі кезең. Болашақ өскелең ұрпақтың, жастардың қолында. Болашақ мемлекеттік және ұлттық саясатты солар жүргізеді. Сондықтан да қазіргі ұстанып отырған ұлтаралық, конфессияаралық келісім, қарым-қатынас, толеранттылық саясатты жастар әрі қарай жалғастыру қажет. Жастарымызға түсіндіру қажет. Жоғары оқу орындарында арнайы курс енгізген дұрыс болар. Астанада өткен Қазақстан халқының Ассамблеясының 15-ші сессиясында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қоғамда білім беру жүйесі мен тәрбие арқылы азаматтық сәйкестендіру, толеранттылықты дамыту қажеттілігі жайында сөз айтып республикамыздың мектептеріне толеранттылық негіздері атты курстар енгізуді ұсынды. Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясында алдағы оқу жылдарында құқық қорғау қызметкерлерінің өз кәсіби қызметінде өзге ұлт өкілдеріне төзімділікке тәрбиелеу мақсатында «Толеранттылық негіздері» атты пәнді енгізуді академия бастығының оқу ісі жөніндегі орынбасары, полиция полковнигі М. А. Қызылов ұсынып отыр.

«Толеранттылық негіздері» пәні негізінен тұлғаны тәрбиелеуде, әлемдік мәдениет рухында және зорлық-зомбылыққа қарсы тұру, құқық қорғау орган қызметкерлерінің өзге де ұлттарға деген төзімділігі, өзара түсіністікпен қарым-қатынас жасау, демократияны сыйлау мәнерінде, адамның құқығы мен бостандығын негізге алу, шиеленістерді бір уағдыға келіп шешу, сондай-ақ әртүрлі қайшылықтардан өту және шешімге келуді мақсат тұтады.

Бүгінде әрбір адамның толеранттылығы — бұл мақсат емес, азаматтық қоғамның қалыпты қызмет ету тетігі екенін түсіну қажет және адамның құқықтары мен бостандықтары басқа осы мағынадағы құқықтар мен бостандықтарға ғана шектелетінін білуі шарт.

Жеке тұлғалық, төзімділік, қарым-қатынас, сенімділік, азаматтық, демократиялық ұстанымдарды ұстану, ой еркіндігі және құқықтық мәдениет біздің қоғамымыздың негізгі елеулі құндылықтарына айналуы тиіс².

Толеранттылық — кешенді азаматтық құндылықтардың бірі. Басқа ұлттың өкілдеріне, өзге дін өкілдеріне, басқа әлеуметтік топтарға, іс-қимылы және ойлауы өзгеше адамдарға қырғиқабақ қарау — қазіргі әлемде кең таралған құбылыс. Толерантты адам ғана әлемдегі бір-біріне деген төзімсіздік мәселесін шешуде басқа адамдардың құқықтарымен санасып, сонымен бірге толыққанды тұлға болып қалуды жүзеге асыра алады. Сол себепті де білім жүйесінде толеранттылық іс-қимыл негіздерін қалыптастыру ерекше орын алу керек. Индивид пен қоғамның, мәдениетінің даму деңгейінің сипаттамасы ретінде, адамның өзімен және өзгелерімен үйлесімді қатынаста өмір сүруін сипаттайтын мәселе — толеранттылық болып табылады. Қоғамның еркін дамуы мен жалпы өмір сүруіне деген күреске қажетті принциптер мен құндылықтарды алға қою бүгінгі таңда жастарды толеранттылыққа тәрбиелеу мәселелерімен тікелей байланысты.

Саяси мәдениеті жаңа қалыптасып келе жатқан біздің мемлекетімізде саяси толеранттылық орнығып болды деу қиын. «Бізде демократиялық мәдениеттің терең дәстүрлерінің жоқтығы, еркіндікті ойыңа келгенді істеуге болады деп түйсіну елді тұрақсыздыққа ұрындыруы, біздің болашаққа арналған барлық жоспарларымызды белінен басып, өзімізді алысқа кері серпіп тастауы әбден мүмкін екенін мойындауымыз керек», — деді Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында³.

Негізінен толеранттылықтың жалпы ұғымы ойға, көзқарасқа, наным-сенімге, іс-әрекетке, әдет-ғұрыпқа, сезім-күйге, идеяларға төзімділік, жұмсақтық көрсете білу қасиеті. Толеранттылық адам құқығы мен бостандығы, сондай-ақ плюрализммен қатар негізгі демократиялық принциптердің бірі болып есептеледі. Толеранттылық — қоғамның жалпы және саяси мәдениеті деңгейінің көрсеткіші. Толеранттылық — мәдениет пен қоғамның айнасы іспеттес, өркениет ортасының даму жолындағы тұрақтылықтың кепілі, қауіпсіздіктің сақшысындай сипаттағы терең астарлы дүние. Толеранттылық сипатындағы жаңаша бастаманы Елбасы 2010 жылғы еліміздің ЕҚЫҰ төраға болған кезде бағыт-бағдары ретінде ұстанып, Үкіметке оқушылардың функционалды сауаттылығын жоғарылату бойынша ұлттық жоспарды және Үкіметке 5 жылға арналған мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын жоғарылату бойынша ұлттық жоспарды жасақтауды тапсырды.

«Білім беру саласы адамдарға тек білім ғана емес, әлеуметтік бейімделу үрдісі кезінде оны тиімді қолдана білу дағдысын беруі тиіс. Үкіметке 5 жылға арналған мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын жоғарылату бойынша ұлттық жоспарды жасақтауға тапсырамын», — деп атап өтті Қазақстан халқына арналған Жолдауында Қазақстан Республикасының Президенті⁴.

Сонымен қатар Н. Назарбаев елдегі білім беру үдерісіне тәрбиелік мәнді енгізу қажеттігіне тоқталды. «Патриотизм, адамгершілік нормалары, өнегелік, ұлтаралық келісім, толеранттылық, дене және рухани саулық, заңға мойынсұнушылық — осы құндылықтарға барлық білім беру мекемелері баулуы тиіс», — деп тапсырма берген болатын. Негізінен толеранттылықты жүргізуде елімізде бірнеше білім бағдарламалары әсер етеді. Мәселен, «Болашақ» бағдарламасының стипендия иегерлері өзге елдің тәжірибесімен алмасып, оны өз елімізге алып келуге ниетті екені анық. Осы ұсыныстарды саралай келе мен австриялық білім берудегі толеранттылық моделін ұсынғанды жөн көрдім. Австрия негізінен шағын мемлекет болғанымен, оның әрбір мемлекеттік құрылымы өзекті, өткір әрі байыпты жұмыс жасап келеді. Оның ішінде білім беретін ұйымдардағы қызметтің, тәрбиенің орны ерекше. Мұнда біріншіден, 30-40 жас аралығында ең әуелі халықта ұстамдылық байқалған, екіншіден, төзімділік пен білім берудегі байланыс арта түскен, үшіншіден, дискриминациялық қысымның артуына байланысты өзгерістер орын алған. Сарапшылар білім жүйесін салыстыруға келетін 48 елді назарға алыпты. Олар алдымен білім саласына салынған инвестиция көлемін, мамандар дайындау мәселесін, оқу орындары арасындағы әріптестік, тағы да басқа 20 шақты критерийді негізге алған. Сол бойынша анықталған білім беру жүйесінде ең озық тұрған 26 елді атап өтсек. Олар: АҚШ, Швеция, Канада, Финляндия және Дания. Одан кейінгі кезекте Швейцария, Норвегия, Австралия, Нидерланды, Британия тұр. Соңынан — Сингапур, Австрия, Бельгия, Жаңа Зеландия, Франция, Ирландия, Германия, Гонконг, Оңтүстік Африка Республикасы, Израиль, Жапония, Тайвань, Корея, Португалия, Испания және Украина. Айта кетелік, посткеңестік елдерден білім жүйесі жақсы дамыған елдердің қатарына Украина ғана енді. Австриялық тәжірибе осындай көкейкесті мәселелердің біразын сараптамаға салды. Яғни, білім берудегі төзімділік шарты қай ортаның болмасын ұранына айналуы тиіс.

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы: бір халық — бір ел — бір тағдыр» атты тақырыппен өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясында сөйлеген сөзі. — Астана. 2013. 24 сәуір.
- 2 Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі материалы. — Астана. 2009.
- 3 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа он жылдық — Жаңа экономикалық өрлеу — Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері». 2010. 29 қаңтар.
- 4 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз». Астана. 2011.